

ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ



ПРЕМЬЕР-МИНИСТР  
РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына

2025 жылғы 20 ақпандағы № ДС-96

### Құрметті депутаттар!

Бұралқы иттердің адамдарды талау мәселелеріне қатысты депутаттық сауалды қарап, мынаны хабарлаймыз.

Дұрыс атап өтілгендей, қолданыстағы заңнамада көзделген ҰЗВШ (ұстау – зарарсыздандыру – вакцинациялау – шығару) әдісін қолдану тәжірибесінің нәтижесі тиімсіз болып отыр.

*Анықтама: 2024 жылы бұралқы 267547 және иесі бар 1933 ит ұсталды. Иттердің адамдарға шабуыл жасауының 37949 жағдайы тіркелді, оның ішінде:*

*иесі бар иттер – 16905 жағдай.*

*бұралқы иттер – 21044 жағдай.*

2023 жылы 32221 бұралқы ит, 2024 жылы 33479 бұралқы ит вакцинацияланды.

Дегенмен иттердің адамдарды талауы туралы көптеген өтініштер байқалуда.

Карантиндік іс-шаралар мен зарарсыздандырудан кейін қараусыз қалған жануарлар көбінесе топтасып жүріп, агрессия көрсетуі сирек емес, азық табуда немесе өзінің тіршілік ету ортасын қорғауда адамды қауіп көзі ретінде қабылдайды. Қаңғыбас жануарлар жол-көлік оқиғаларына себеп болады, малға шабуыл жасайды, сондай-ақ жануарлар әлеміне зиян келтіреді.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, батыс елдерінің көпшілігінде қараусыз қалған, иесі бар және бұралқы жануарлармен жұмыс істеудің негізгі әдісі қайтарымсыз аулау болып табылады.

Осыған байланысты Үкімет Парламент Мәжілісі депутаттарының проблеманы кешенді шешуге бағытталған және жануарлардың санын реттеу үшін қайтарымсыз аулауды және эвтаназияны қолдануды көздейтін (ауру, агрессия көрсететін, зообақылау ұйымдары мен өзге де адамдар қажет етпеген және талап етпейтін қаңғыбас жануарлар үшін 15 күн ішінде және қараусыз қалған жануарлар үшін 60 күн ішінде) «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» Заңға түзетулерін қолдады.

Барлық зообақылау ұйымдарының көздері мен мақсаттарына тексеру жүргізуге, сондай-ақ әлеуметтік желілер мен бұқаралық ақпарат құралдары арқылы азаматтардың, Парламент депутаттарының және мемлекеттік қызметшілердің атына жала жабуды ұйымдастыратын адамдарды анықтауға, сондай-ақ олардың іс-әрекеттеріне құқықтық бағалау жүргізуге қатысты бұл мәселелерді құқық қорғау органдары пысықтауда.

Нәтижелер туралы Экология және табиғи ресурстар министрлігі сіздерге қосымша хабарлайды.

**О. Бектенов**

*Орын: Ш. Шайкенов  
Тел: 74 53 43*